

Қазақстан Республикасы Конституциясы 4-бабының 1-тармағын; 14-бабының 1-тармағын, 77-бабы 3-тармағының 3) тармақшасын, 79-бабының 1-тармағын және 83-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңестің 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі құрамында төраға Ким Ю.А. және Кеңес мүшелері Акуев Н.И., Ықсанов О.Қ., Мамонов В.В., Сабикенов С.Н., Темірболатов С.Ф., Шопин В.Д. бар, өтініш жасаушы субъектің - Қазақстан Республикасы Президентінің өкілі - Президент Әкімшілігінің заң шығару және сот жүйесі мәселелері жөніндегі бөлімнің аға сарапшысы А.Ж.Төкеевтің, Қазақстан Республикасы Әділет министрі К.А.Калпаковтың, Қазақстан Республикасының қылмыстық-іс жүргізу бойынша заң шығару маманы, Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық Университетінің "Сот ісі" кафедрасының доценті, заң ғылымының кандидаты Е.Е.Ерешевтің қатысуымен Қазақстан Республикасы Конституциясы 72-бабының 1-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Жарлығы 17-бабының 3-тармағы

1) тармақшасының негізінде Республика Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Конституциясының кейбір нормаларын ресми түсіндіру жөніндегі өтінуін ашық мәжілісте қарап, ұйғарды:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне 1997 жылғы 10 ақпанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтан Қазақстан Республикасы Конституциясының кейбір нормаларын ресми түсіндіру туралы оны түсіндіру үшін Конституциялық Кеңеске төмендегідей мәселелерді ұсынған өтінуі келіп түсті.

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағына сәйкес Жоғарғы Соттың Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген құқықтарға қатысты нормативті қаулылар шығару құқығы бар ма? Сол тұрғыдан алғанда, Жоғарғы Сот Конституцияның сот тәжірибесі жөніндегі кейбір ережелеріне түсінік бере ала ма?

2. Конституцияның 4-бабының 1-тармағында көрсетілген басқа да нормативті құқықтық актілерге қандай нормативтік құқықтық актілер жатады?

3. Соттылық туралы қылмыстық-іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу кодекстерінің қандай нормаларын Конституцияның 77-бабының 3-тармағы 3) тармақшасында белгіленген тиісті конституциялық принципке сәйкес келеді деп тануға болады? Жоғарыда тұрған сот іс жүргізу заңын басшылыққа ала отырып, өз өндірісіне төменгі соттың қарауына жататын кез-келген істі алуға, сондай-ақ істі басқа сотқа беруге

құқықты ма? Қазақ КСР Азаматтық іс жүргізу кодексінің 122-бабында көрсетілген жағдайда, сот іс соттылығын өзгерте ала ма?

4. Республика Конституциясының 14-бабының 1-тармағында белгіленген жақтардың тең құқықтық принципі тұрғысынан алғанда прокурорларға іс жүргізудің басқа жақтарынан гөрі үлкен іс жүргізу құқығы берілген заңдылық конституциялық болып табыла ма?

5. Прокуратура Конституцияның 83-бабының 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіре ала ма? Осыған байланысты прокуратураның сот шешіміне наразылық білдіру құқығы көрсетілген өкілеттікте қамтыла ма?

6. Прокуратурадан басқа өзге де мемлекеттік органдар сотта қылмыстық қудалау мәселесі бойынша (мәселен, Мемлекеттік тергеу комитеті) мемлекет мүддесін білдіре ала ма?

7. Ант берген соттар институтын құру туралы ұсыныс соттардың тұрақты судьялардан тұратындығы белгіленген Конституцияның 79-бабының 1-тармағындағы талаптарға қайшы келмей ме?

Аталған өтіну бойынша баяндамашы Конституциялық Кеңестің мүшесі С.Ғ.Темірболатовты, өтіну субъектісінің өкілі А.Ж.Төкеевті және маман Е.Е.Ерешевті тыңдап және келіп түскен конституциялық өндіріс материалдарын талқылай келе, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі өтіну субъектісі - Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев қойған мәселені, сондай-ақ Конституциялық Кеңестің өтінуде көрсетілген Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабы 1-тармағын, 77-бабының 3-тармағы 3) тармақшасын және 79-бабының 1-тармағын және 83-бабының 1-тармағын түсіндіру кезіндегі құзырын ескеріп, мыналарды атап көрсетеді:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабы 1-тармағының ережесіне сәйкес, Жоғарғы Соттың заңды (оның нормаларын) қолдану мәселелері жөніндегі соттарға берген түсіндірулері бар ондай қаулысы ғана нормативті ретінде қаралады және онда субъектілердің сот ісін жүргізу саласындағы нақты ережесі тұжырымдалады. Республиканың барлық соттары үшін міндетті болып табылатын мұндай нормативті қаулы Қазақстан Республикасының Конституцияны қоса алғанда, сот тәжірибесінде қолданатын заң нормаларын мәселелері бойынша шығарылады. Бұл жерде Жоғарғы Сот 72-бапқа сәйкес Конституция нормаларын ресми түсіндіру Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің құзырына жататындығын ескеруі тиіс.

4-баптың 2-тармағына сәйкес, Республика Конституциясының жоғары тікелей заң күші бар және ол Республиканың барлық аумағында қолданылады. Бұл конституциялық ережеге сәйкес, соттардың істі қарағанда барлық қажетті жағдайда Республика Конституциясын тікелей күші бар акт ретінде қолданғандары жөн.

Конституцияның 4-бабының 1-тармағы Жоғарғы Соттың нормативті қаулыларын Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген құқығына жатқызғандықтан, ал осы баптың 2-тармағы Конституцияның үстемдігін және оның нормаларының тікелей күші бар екендігін бекіткендіктен, Жоғарғы Соттың Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Жарлығының 28 және 31-баптарын басшылыққа алып, Конституция нормаларын қолдану мәселелері бойынша сот тәжірибесіне қатысты нормативті қаулылар шығаруға құқығы бар.

2. Қазақстан Республикасының 4-бабының 1-тармағында былай деп бекітілген: "Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады" Қазақстан Республикасының қолданылатын құқығы бұл жерде өкілетті субъектілер белгіленген тәртіппен қабылдаған нормативті құқықтық актілердегі құқық нормалары жүйесі ретінде қаралып отыр.

Конституцияның бұл бабының тармағында көрсетілгендерге сәйкес, басқа да нормативті құқықтық актілерге құқық нормалары бар мына актілер жатады: халықтың республикалық референдумда қабылдаған шешімдері, Республика Президентінің 1995, 1996 жылдары шығарған, заң күші, соның ішінде конституциялық күші бар Жарлықтары сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 2-тармағына сәйкес қабылданған заң күші бар жарлықтары, Президенттің Жарлықтары, Республика Парламентінің, оның Палаталарының және Үкіметтің қаулылары, министрліктердің және мемлекеттік комитеттердің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық, атқару органдарының актілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Жарлығының 23 және 24-баптарына сәйкес салааралық үйлестіруді, басқа да атқару және өкім ететін қызметті, арнайы атқару және бақылау-қадағалау қызметін жүзеге асыратын ведомстволардың актілері, жергілікті өкілетті және атқару органдарының шешімдері, өзін-өзі басқару органдарының шешімдері, сондай-ақ заңда оларды шығару көрсетілген.

Егер көрсетілген барлық нормативті құқықтық актілер өзгертілмеген, толықтырылмаған, бұзылмаған болса, олар қолданылатын құқық құрамына кіреді.

3. Конституцияның 77-бабының 3-тармағының 3) тармақшасы сот әділдігін жүзеге асырудың конституциялық принципінің бірін сақтайды, оны сот заңды қолданғанда басшылыққа алуға тиіс: "Өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды".

Іс жүргізу заңымен әртүрлі санаттағы істердің соттылығын анықтағанда өзіндік ерекшелігі, күрделілігі, істің қоғамдық мәні, оны тез және тиімді шешудің қажеттілігі

ескеріледі. Қылмыстық-іс жүргізу немесе Азаматтық іс жүргізу кодекстерінің нормаларында көрсетілгендей Конституцияның 77-бабының 3-тармағы 3) тармақшасының негізінде іс бойынша жақтардың келісімінсіз істің соттылығын өзгертуге болмайды.

Бұл Республиканың барлық аумағында тікелей қолданылатын конституциялық нормалар мен заңдардың және басқа да нормативті құқықтық актілердің нормалардан үстемдігін белгілейтін 4-баптың 2-тармағының конституциялық нормаларынан туындайды.

Адамға және оның ісіне заңда көрсетілгенге сәйкес келмейтін, оның бұған келісімі жоқ кезде сотты болушылығын анықтауды Негізгі Заңның 77-бабы 3-тармағы 3) тармақшасының конституциялық нормасын бұзу ретінде қарау керек.

Іс жүргізу заңының сотты болушылық туралы, оның ішінде жоғары тұрған соттың төменгі сотта сотталатын өз өндірісіне кез-келген істі қабылдау құқығын қарастыратын, сондай-ақ істі бір соттан екіншісіне берудің нақты нормалары Конституцияның 78-бабының талаптарына сәйкес жіберілетін соттардың ұсыныстары бойынша олардың Конституцияға сәйкестігіне қарай Конституциялық Кеңесте қаралуы мүмкін.

4. Процеске жақтар болып тек азаматтар ғана емес, өздерінің кәсіби міндеттерін орындай отырып, жақтардың немесе үшінші адамның мүдделерін қамтамасыз ететін лауазымды тұлғалар да қатыса алады. Мұндай лауазымды тұлғаның бірі сотта мемлекет мүддесін білдіретін прокурор болып табылады. Прокурор жақтардың біреуі және соттағы мемлекет мүддесін білдіруші өкіл ретінде Конституция негізінде қабылданған іс жүргізу заңы бойынша іс жүргізу құқығын иеленеді.

Конституцияның 14-бабы 1-тармағында көрсетілген норма іс жүргізу заңында бекітілген прокурордың іс жүргізу өкілеттігі аумағын айқындамайды. Конституцияның 83-бабы 1-тармағы прокурор сотта мемлекет мүддесін білдіру міндетін жүктейді, бұл оның іс жүргізу өкілеттігі аясын кеңейтеді.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2007.11.08 N 9 Қаулысымен.

5. Алып тасталды – ҚР Конституциялық Кеңесінің 17.04.2017 № 2 нормативтік қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабының 1-тармағында бекітілген және "Прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңмен белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қуғындауды жүзеге асырады" деп белгіленген нормасын Конституциялық түрде айқындалған прокурордың (прокуратура) қызметінің негізгі бағыты деп түсіну керек. Прокуратура органдары қызметінің басқа бағыты көрсетілген аталғандай нормасы Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар "Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы" Жарлығында бекітілген.

Қазақстан Республикасының Конституциясында және ағымдағы заң актілері - Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар "Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы" және "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті туралы" Жарлықтарында сотта мемлекет мүдделерін жүзеге асыратын басқа орган көрсетілмеген.

7. Күші жойылды - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2007.11.08 N 9 Қаулысымен.

Келтірілгендердің негізінде, Қазақстан Республикасы Конституцияның 72-бабы 4) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Жарлығының 33, 37, 38-баптарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабы 1-тармағын, 14-бабы 1-тармағын, 77-бабы, 3-тармағы 3) тармақшасын, 79-бабы 1-тармағын және 83-бабы 1-тармағын ресми түсіндіруге байланысты Қаулы етті:

1. Жоғарғы Соттың нормативті қаулыларының қолданылып жүрген құқыққа жатқызуды белгілейтін Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабы 1-тармағының нормасын Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты заңдардың нормаларын, оның ішінде сот тәжірибесіне қатысты Конституция нормаларын қолдану мәселелері жөніндегі нормативтік қаулыларды шығаруға өкілетті деп түсіну керек.

2. Конституцияның 4-бабының 1-тармағында көрсетілген құқық нормалары бар басқа нормативті актілерге мынадай актілер жатады: республикалық референдумда қабылданған актілер, Республика Президентінің 1995, 1996 жылдары шығарған конституциялық заңдар мен заңдардың күші бар Жарлықтары, сондай-ақ заң күші бар, Қазақстан Республикасы Конституцияның 61-бабының 2-тармағымен қабылданған жарлықтар, Президенттің Жарлықтары, Парламенттің, оның Палаталары мен Республика Үкіметінің қаулылары, министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық, атқарушы органдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Жарлығының 23 және 24-баптарына сәйкес салааралық үйлестіруді, басқа да атқарушылық және өкім шығару қызметін, арнайы атқарушылық және бақылау-қадағалау қызметін жүзеге асыратын ведомстволардың актілері, жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың шешімдері, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының шешімдері, сондай-ақ басылуы заңмен белгіленетін актілер.

3. Конституцияның 77-бабы 3-тармағы 3) тармақшасы нормасын жоғары тұрған соттың төменгі сот ісін өз өндірісіне қабылдауы, сондай-ақ соттай алушылықтың өзгеруіне байланысты ісі сотта қаралатын тұлғаның келісімі бар кезде ғана мүмкін деп түсінуі керек.

4. Прокурор да басқа сот ісін жүргізуге қатысушылар сияқты тиісті заңға сәйкес іс жүргізу құқығын иеленеді. Конституцияның 14-бабының 1-тармағының нормалары прокурор құқығы аумағына әсер етпейді.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді – ҚР Конституциялық Кеңесінің 2007.11.08 N 9 Қаулысымен.

5. Алып тасталды – ҚР Конституциялық Кеңесінің 17.04.2017 № 2 нормативтік қаулысымен.

6. 83-баптың 1-тармағындағы конституциялық нормадан мемлекет мүддесін сотта прокурор (прокуратура) ғана қорғайды деген ұғым туады.

ҚР Конституциялық Сотының 29.05.2024 № 45-НҚ нормативтік қаулысымен осы нормативтік қаулысының қарар бөлігінің 6-тармағын, сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысына қатысты прокуратура қызметінің конституциялық тұрғыда айқындалған бағыттарының жүйелі өзара байланысын назарға ала отырып, адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын шектеуге байланысты тергеу әрекеттері мен қылмыстық-процестік мәжбүрлеу шараларын санкциялау туралы сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары бастама жасаған мәселелерді қарау кезінде прокуратураның сотта мемлекет мүдделерін білдіру жөніндегі айрықша конституциялық функциясы деп түсіну керек.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді – ҚР Конституциялық Кеңесінің 2007.11.08 N 9 Қаулысымен.

7. Күші жойылды – ҚР Конституциялық Кеңесінің 2004.06.18 N 7 Қаулысымен.

8. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына сәйкес қаулы Президенттің конституциялық заң күші бар "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Жарлығының 38-бабының 2 және 3-тармақтарында көрсетілген жағдайлар ескеріліп, ол қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңестің
Төрағасы*